

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

19.09.2022 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Нурматов Жахангир-Теология каф. меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

Қыпшақбаев Нұрперзент-Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Шәуенов Дидар-Дінтану каф. меңгерушісі

Бейсенов Айбек- Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Оразбай Сержан- Дінтану кафедрасы, аға оқытушы

Адиева Лаззат- Дінтану кафедрасы, оқытушы, академиялық комитет төрайымы

Ботақараев Бауыржан- Теология кафедрасы, аға оқытушы

Букенова Жаухар-факультет әдіскері

Боранбай Динара-факультет хатшысы

Абдулхамит Тұрсынханкожа-студент, ТТО-911F

Қиянбекова Айдын-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Қатыспағандар: -

Шақырылғандар: Ж.Глеубергенова - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігі, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуі және мерзімді жаңартылуы, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т.б. оқу бағдарламаларының бекітілуі;
2. Аккредиттеуге қатысты постмониторинг есептер мен жоспарларды өткізу.
3. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі;
4. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері.
5. Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы **Ж.Нурматов** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз қозғайды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді.

Бакалавриат деңгейі бойынша: ӘАОО-да ЖБП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасындағы пәндердің көлемінен кемінде 23%-дан аспайды немесе 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: Қазақстан тарихы, философия, қазақ (орыс) тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), дене шынықтыру, әлеуметтік-саяси білімнің модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология). Төмендегі модульдерге топтастырылды:

1.1 Мемлекеттік міндетті модуль

1.2 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі

1.3 Дене шынықтыру модулі

1.4 ЖОО компонент модулі

Қорыға айтқанда, Теология факультеті бойынша әзірленген бакалавриат бойынша: 4-Білім беру бағдарламасы, магистратура бойынша: 2, бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама болып табылады. 7М02262-Теология және 7М02211-Дінтану ББ жаңартылды. 6В02266-Исламтану және 6В01683-Дінтану жаңа Білім беру бағдарламалары Реестрге тіркелді. Қолданыстағы 2 ББ (6В02229-Теология және 6В02228-Дінтану) жаңартуға жіберуге әзірленуде.

Шешім: 1. Білім беру бағдарламаларының Реестріне тіркеліп сараптамадан өткен ББ негізінде бекітілуге ұсынылсын.

Тыңдалды: 2 мәселе бойынша факультетте аккредиттеуге қатысты постмониторинг есептер мен жоспарларға байланысты 3 ББ-ның (6В02229-Теология, 6В02228-Дінтану, 7М02211-Дінтану) сыртқы эксперттердің ескертулері бойынша есеп дайындалуы қажет. 6-кластерде 6В022029-Теология, 7М02211-Дінтану ББ бойынша және 7-кластерде 6В02228-Дінтану ББ бойынша эксперттердің ескертулері негізінде түзетуші әрекеттер жасалып, бекітілген болатын.

Шешім: 2022-2023 оқу жылында аккредиттеуге қатысты постмониторинг бойынша есептер дайындалсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Ж.Нурматов сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

2022-2023 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасы 74 (Б) тармағына сәйкес анықталды. Диплом жетекшілеріне қойылатын талаптарға сәйкес 3 жылдан астам жұмыс өтілінің болуы, БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 1 мақала, 1 оқу-әдістемелік құрал болуы. Магистрлік жетекшілерге қойылатын талаптар: БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 5 мақала, Scopus базасында тіркелген журналдарда жарияланған 1 мақала, процентилі 24-тен кем емес.

Шешім: 2022-2023 оқу жылына бакалавриат ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілері біліктілік талаптарға сәйкестігі қанағаттанарлық деп танылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Нурматов сөз алып күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады.

Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.

Кафедра оқытушылары «Тұран» біліктілікті арттыру орталығында «Дінтанулық және теологиялық пәндерді оқытудың инновациялық технологиялары» және «араб тілін оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістемесі» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтуді жоспарлауда. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру», «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыптары бойынша ОПК курстан өтуді жоспарлауда.

Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынуы бақылауға алынсын.

Шешім Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері бекітілген талаптарға сәйкес деп танылсын.

Тыңдалды: Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау мәселесі бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Нурматов сөз алып: біздің 2022-2023 оқу жылына жүргізіп отырған жылдық жоспарымыз бойынша жұмыстарды талқылаудан өткізіп отырмыз. Басты мақсатымыз жұмыстың сапалы болуында.

Ж.Тлеубергенова: ЖОО-ның еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуіміз ең басты мақсатымыз.

Шешім Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:

Ж.Нурматов

Д.Боранбай